

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады. Комитеттер әзірлеген барлық ұсыныстар Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын ұсынымдық сипатқа ие. Директорлар кеңесінің мүшелері және сарапшылар Қазақстан заңнамасына сай Комитеттердің мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат тиісті Комитеттердің жұмысы туралы қосымша бөлімдерде төменде келтіріледі. Барлық Комитеттер өз қызметін өз Ережелерінің негізінде жүзеге асырады.

Банктің Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер:

Аудит жөніндегі комитет:

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады, олар Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылуы тиіс.

Комитеттің құрамына кіретіндер:

- 1. Хенк Ян Хугендорн – Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы, тәуелсіз директор;**
2. Дунаев Арман галиаскарович – Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі;
3. Петр Романовски – Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитеттің барлық мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салық есебі, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласында білімдері мен дағдылары бар.

Аудит жөніндегі комитеттің құзыреті:

Комитет Директорлар кеңесіне қаржы есептілігінің толықтығы және шынайылығы, Банктің және еншілес ұйымдардың заңнама мен ішкі құжаттардың (комплаенс бақылау) талаптарына сәйкес келуі, сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі мәселелері бойынша көмек көрсетеді, сондай-ақ ішкі аудиттің жұмысын үйлестіреді.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет:

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады, олар Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылуы тиіс.

Комитеттің құрамына кіретіндер:

- 1. Петр Романовски – Комитеттің Төрағасы, тәуелсіз директор;**
2. Дунаев Арман Галиаскарович – Комитеттің мүшесі.
3. Хенк Ян Хугендорн – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;

Комитеттің барлық мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитеттің барлық мүшесінің қызметкерлерді басқаруда, сыйақы мәселелері бойынша да үлкен тәжірибелері бар.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыреті:

Комитет Директорлар кеңесіне, Басқармаға және еншілес компаниялардың директорлар кеңесіне кандидаттар туралы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сыйақы, еншілес компаниялардың директорлар кеңесі мен атқарушы органдарының еңбекақы жүйесі туралы Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізеді, сондай-ақ Банкте корпоративтік мәдениетті арттыруға бағытталған әдеп стандарттарын жетілдіру туралы мәселелерді қарастырады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет:

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар кеңесінің бес мүшесінен және төрт сарапшы – Банк қызметінің аса стратегиялық бағыттарына жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінен тұрады.

Комитеттің құрамына кіретіндер:

1. **Герман Тишендорф – Комитеттің Төрағасы, тәуелсіз директор;**
2. Дунаев Арман галиаскарович - Комитеттің мүшесі;
3. Нурабаев Жомарт Досанкулович – Комитеттің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ ірі акционерінің өкілі;
4. Петр Романовски – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;
5. Шаяхметова Умут Болатхановна – Комитеттің мүшесі, Басқарма Төрағасы;
6. Вурос Ольга Владимировна – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
7. Кошенов Мурат Узакбаевич – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
8. Мукушев Нариман Нурланович – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
9. Сартаев Даурен Жанкисеевич – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
10. Бачваров Кирил Атанасов - Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) .

Банктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы болып табылады, Комитеттің құрамына ақпараттық технологияларды дамыту; банктік қызметтерді көрсету және дамыту; тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау салаларында жұмыс тәжірибелері бар Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар кіреді.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құзыреті:

Комитет Директорлар кеңесіне «Налук» тобының стратегиясын, Банктің орнықты даму саласында стратегиясын қарау және оның орындалуына мониторинг жүргізу; орнықты даму саласындағы орта мерзімді/ұзақ мерзімді мақсаттары мен тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (КРІ) айқындау және оларға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу; стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау; сыртқы орта мониторингі және оның Топтың стратегиялық жоспарларына әсері мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Банк бюджетінің тиісті жылға арналған жобасын алдын ала қарауды, сондай-ақ Банктің рентабельділігін басқару саясатының жобасын алдын ала қарауды жүзеге асырады, сондай-ақ Банк пен оның қызметкерлерінің көрсетілген саясатты сақтауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Орнықты даму жөніндегі комитет:

2022 жылғы сәуірде Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Орнықты даму жөніндегі комитет болып өзгерді.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен және екі сарапшы – ESG, демеушілік және қайырымдылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінен тұрады. Комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады.

Комитеттің құрамына кіретіндер:

1. **Кулекеев Жаксыбек Абдрахметович – Комитеттің Төрағасы, тәуелсіз директор;**
2. Хенк Ян Хугендорн – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;
3. Дунаев Арман Галиаскарович – Комитеттің мүшесі;
4. Герман Тишендорф – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;
5. Шаяхметова Умут Болатхановна – Комитеттің мүшесі, Басқарма Төрағасы;
6. Сартаев Даурен Жанкисеевич – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
7. Кошенов Мурат Узакбаевич – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Орнықты даму жөніндегі комитеттің құзыреті:

Орнықты даму жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары Банктің Директорлар кеңесіне Банкте орнықты даму жүйесін қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыруда жәрдемдесу және Банктің қызметінде орнықты даму және ESG қағидаттарын имплементациялау үшін іске асырылатын шаралар туралы Банктің Директорлар Кеңесін хабардар ету болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитет:

Тәуекелдер жөніндегі комитет 2020 жылғы мамырда құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен және бір сарапшы – Тәуекел менеджмент басшысынан тұрады.

Комитеттің құрамына кіретіндер:

1. Дунаев Арман Галиаскарович – Комитеттің Төрағасы, Директорлар кеңесінің төрағасы;

2. Петр Романовски – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;

3. Шаяхметова Умут Болатхановна – Комитеттің мүшесі, Басқарма Төрағасы;

4. Машчык Роман Александр – Комитеттің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Комитеттің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитеттің барлық мүшелерінің тәуекелдерді басқару немесе ішкі бақылау саласында үлкен жұмыс тәжірибелері бар.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыреті:

Тәуекелдер жөніндегі комитет Банктің Директорлар кеңесінің жанындағы алқалы орган болып табылады, негізгі мақсаттары Банктің Директорлар кеңесіне Банктегі тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша функцияларды жүзеге асыруда көмектесу және Банктің Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейі туралы хабардар ету болып табылады. Тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

1) Банк қызметіне тән, оның ішінде тәуекелдер жөніндегі басқарушылық есептілікті қарау кезінде тәуекелдерге үнемі бағалау жүргізу, сондай-ақ Банктің тәуекел-бейінінің өзектілігін ұстап отыру;

2) қажет болғанда Банктің Директорлар кеңесі үшін:

Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясына және тәуекел-бейініне қатысты жекелеген стратегиялық шешімдерді әзірлеу үшін Банк қызметіне тән тәуекелдердің негізгі түрлерін (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, капиталды басқару, операциялық тәуекел, қызметтің үздіксіздігін басқару, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі) басқару;

Банктегі комплаенс-тәуекелдерді басқару; Банктегі ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша;

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылуы заңнамаға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу;

3) Банкте ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

4) Банк заемшыларын сәйкестендіру, басымдық беру және ESG-тәуекелдерін басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз ету;

5) жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізуді, ESG-критерийлерді жобаларды Банктің Кредиттік саясатына енгізу арқылы қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау процестеріне енгізуді қамтамасыз ету;

6) кредиттік және инвестициялық қызметтің теріс әсерін барынша азайту үшін ESG тәуекелдерін басқару процестерін Банктегі тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету;

7) бизнес-модельге және стратегиялық жоспарлауға климаттық тәуекелдердің әсерін бағалау рәсімдерін енгізуді қамтамасыз ету, сценарийлік талдау және стресс-тестілеу жүргізу.